ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 75 (3902)
6 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


4-БЕТ



Қылмыстың шекарасы кеңейіп барады

АЛ ҚАУІПСІЗДІК ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

6-БЕТ



Кітап оқитын ұлт

8-БЕТ



Медбикенің мінәжаты

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЗИАДА: 12 АЛТЫНМЕН ОНДЫҚҚА ЕНДІК



Қазақстан құрамасы Жапонияның Айчи өңірі мен Нагоя қаласында өткен XX жазғы Азия ойындарындағы сайысты аяқтады. Ұлттық Олимпиадалық комитеттің мәліметінше, отандық спортшылар 12 алтын, 24 күміс және 48 қола медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте сегізінші орынға тұрақтады.

(Жалғасы 5-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Медицина қызметкерінің мәртебесі туралы әңгіме көбіне жалақы, әлеуметтік кепілдік, еңбек жағдайы төңірегінде өрбиді. Бұлардың бәрі маңызды. Бірақ мәселенің ауқымы бұдан әлдеқайда кең. Дәрігердің кәсіби мәртебесі – ең алдымен азаматтың денсаулығы мен өміріне тікелей әсер ететін фактор. Жуырда Құрылтай депутаты Дана Медеуованың бастамасымен өткен «Медицина қызметкерінің кәсіби мәртебесі – ұлттық қауіпсіздік факторы ретінде» атты дөңгелек үстелде осы мәселе күн тәртібіне шығарылды.

ДӘРІГЕРДІ ҚОРҒАУ – ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ

Жиын «Медицина қызметкерлерінің кәсіби мәртебесі және қызметінің кепілдіктері туралы» заң жобасын әзірлеу аясында өтіп, медицина саласындағы жекелеген түйткілдерден гөрі, тұтас жүйенің беріктігіне назар аударды. Өйткені, төтенше жағдай орын алғанда ауруханаға қабырғасы, қымбат құрал-жабдық немесе дәрі қоры өздігінен адам емдей алмайды. Оның бәрін іске қосатын – маман. Демек, медициналық жүйенің ең маңызды капиталы – адам.

Депутат Дана Медеуова жуырда жасаған депутаттық сауалында да осы мәселені өткір қойған болатын. Ол бұл ретте білікті дәрігерді даярлауға он жылға жуық уақыт қажет, ал осал жүйе дайын маманды бір күннің ішінде жоғалтуы мүмкіндігіне назар аудартқан еді. Медеуова ханымның айтуынша, бұл – медицина кадрларына қатысты саясатты түбегейлі қайта қарауды талап ететін тұжырым. Мәселе тек «дәрігер жетіспейді» деген статистикамен шектелмеуі керек. Қанша маман қажет? Қай өңірде қандай маман тапшы? Қандай дәрігерлер жүйеден кетіп жатыр? Неліктен кетеді? Жас маманның кәсіби өсуіне қандай жағдай жасалған? Осы сұрақтарға нақты жауап болмайынша, кадр тапшылығын тек жаңа мамандарды даярлау арқылы шешу қиын.

Дөңгелек үстелде С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің бірінші проректоры Диляра Қайдарова да мәселенің осы қырына тоқталды. «Мықты дәрігер мықты медициналық білім беру жүйесінен басталады», – деген оның пікірі заң жобасының маңызды бір бағытын айқындап берді.Шын мәнінде, дәрігерді қорғау оның ауруханаға жұмысқа келген күнінен емес, университетке түскен күнінен басталуы тиіс. Сапалы білім, заманауи клиникалық база, оқытушының кәсіби деңгейі мен еңбек жағдайы, жас маманның түсінікті кәсіби траекториясы – болашақ медицинаның іргетасы.

Заң жобасында көтеріліп отырған тағы бір өзекті мәселе – медицина қызметкерінің өзіне тән емес міндеттерден арылуы. Бұл қарапайым көрінгенімен, медицинаның сапасына тікелей қатысты мәселе. Дәрігердің уақыты – ең қымбат ресурс. Ол пациентпен сөйлесуге, диагноз қоюға, емдеу тактикасын таңдауға жұмсалуы тиіс. Егер кәсіби уақыттың едәуір бөлігі қағазбастылыққа, есептілікке, қайталанатын әкімшілік процедураларға кетсе, оның зардабы түптеп келгенде пациентке тиеді. Сондықтан болашақ заң медицина қызметкерінің құқығы мен міндетін ғана емес, кәсіби қызметінің шекарасын да анық көрсетуі қажет.

Дөңгелек үстелде сөз алған Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиевтің айтуынша, алдағы реттеу шараларында медицина қызметкерлерінің нақты құқықтары мен міндеттері, құқықтық және физикалық қорғалу тетіктері, кәсіби жауапкершіліктің айқын шекаралары, лайықты еңбек жағдайлары мен әлеуметтік кепілдіктері ескерілуі керек.

(Жалғасы 5-бетте)

БАЙҚАУ

ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІНІҢ ҚОРЖЫНЫ ЖАҢА ТУЫНДЫЛАРМЕН ТОЛЫҒЫП КЕЛЕДІ

Қазақстан жер көлемі мен жалпы ішкі өнімі жағынан ғана емес, кітап оқитын халқының саны жағынан да Орталық Азиядағы көшбасшылығын жылдан жылға нығайтып келе жатыр. CEOWORLD сияқты халықаралық зерттеулер мәліметі бойынша қазақстандықтар жылына 2,77 кітап оқиды. Кітап дүкендері саудасында қазір үздік үштікке оқулықтар мен балалар әдебиеті, бизнес және өзін-өзі дамыту мен көркем әдебиет тұр. Алайда көркем әдебиет санатына кіретін детектив жанрындағы кітаптардың 60 пайыздан астамын шетелдік авторлардың шығармалары құрайды екен. Ал 30 пайызын қазақ детективінің атасы саналатын Кемел Тоқаевтың қайта басылып шығатын кітаптары, тек 10 пайызын өзге авторлардың шығармалары құрауда.



Бұл жағдайдың қалыптасуына мынадай негізгі факторлар әсер етіп отыр. Бірінші, іріктеу өлшемшарттары. Детективтердің «қоғамдық маңызы бар әдебиет» категориясындағы үлесі 1-2 пайыздан аспайды. Екінші, тұрақты түрде детектив жазып жүрген авторлардың аздығы және нарықтың шектеулігі. Кемел Тоқаев негізін қалаған қазақ детектив мектебі мемлекеттік бағдарламалар емес, «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ұйымдастыратын әдеби байқау есебінен ғана 2018 жылдан бері қайта жандана бастады. Үшінші, балама жобалар.

(Жалғасы 2,3-беттерде)

Электрондық нұсқа

КИЕ

Қазақ тілі жай ғана қатынас құралы емес. Ол – атаның аманаты, ананың әлдиі, даланың үні, ұлттың жүрегінде сақталған рухани қазына. Бір халықтың мінезі, дүниетанымы, намысы, тарихы, күлкісі мен көз жасы ең алдымен тілінде өмір сүреді. Тіл жоғалса, сөз ғана жоғалмайды, сол сөзбен бірге ұлттың жады, ұят өлшемі, туыстық атауы, салт-дәстүрі, тіпті ойлау жүйесі әлсірейді. Сондықтан қазақ тілі туралы айту – өткенді еске алу ғана емес, бүгінгі елдік жауапкершілікті таразылау.

АМАНАТҚА АДАЛ БОЛАЙЫҚ!



Айдана ӘБДУӘЛИЕВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің бас маманы-сот отырысының хатшысы

Қазақ тілінің тарихы өте тереңде жатыр. Оның түп-тамыры көне түркі жазба ескерткіштерінен бастау алады. Орхон-Енисей жазбалары сияқты көне мұраларда түркі халықтарына ортақ тілдік ерекшеліктер кездеседі. Уақыт өте келе бұл тілдер әртүрлі тармақтарға бөлініп, қазақ тілі жеке тіл ретінде қалыптасты. XV–XVI ғасырларда қазақ хандығының құрылуымен бірге қазақ тілі халықтың негізгі қарым-қатынас құралына айналды.

Қазақ тілі – өте бай әрі икемді тіл. Онда синонимдер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер көп кездеседі. Бұл тілдің көркемдігін, бейнелілігін арттырады. Мысалы, қазақ халқының ауыз әдебиеті – жырлар, ертегілер, айтыстар – тілдің дамуына үлкен үлес қосқан. Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов сияқты ұлы тұлғалар қазақ әдеби тілінің дамуына зор ықпал етті.

Қазақ тілі – ұлттың рухани қазынасы. Ал қазына сандықта шаң басып жату үшін емес, ұрпаққа қызмет ету үшін керек. Егер біз қазақ тілін тек мереке күндері ғана еске алсақ, оны шын сүймегеніміз. Шын құрмет – оны күнде қолдану. Шын жанашырлық – қатесін түзеп, сөзін көбейтіп, мәртебесін көтеру. Қазақ тілі біздің өткенімізді сақтап қана тұрған жоқ, ол болашағымызды да қалыптастырып жатыр.

Қазіргі таңда қазақ тілі Қазақстан Республикасының Конституциясымен мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Ол білім беру жүйесінде, бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылым мен мәдениет салаларында кеңінен қолданылады. Дегенмен, жаһандану дәуірінде тілдің дамуына назар аудару, оны күнделікті өмірде белсенді қолдану маңызды болып отыр.

БАҒДАР

ӘРБІР ӨТІНІШ – НАЗАРДА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалауды және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.

Қызмет алушылардың әрбір шағымы департаменттің басты назарында. Азаматтардан келіп түскен өтініштер бойынша жан-жақты тексеру жүргізіліп, арызда көрсетілген мән-жайлар тиісті тәртіппен қаралады. Департаментке түскен әрбір арыз бойынша мекемелерге сұраныс хат жолданып, нақты фактілер анықталған жағдайда жауапты тұлғаларға заңнамаға сәйкес шаралар қабылданады. Азаматтардың шағымдарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға тиісті сұраныстар жолданып, көрсетілген қызметтердің сапасына және заңнама талаптарының сақталуына қатысты тексерулер жүргізіледі.

Соның ішінде, қызмет алушы тарапынан мемлекеттік мекеменің ресми интернет-ресурсында нормативтік құқықтық актілердің ескірген нормаларының орналасқандығы туралы Департаментке М есімді қызмет алушыдан балабақшаға қатысты коммуналдық мемлекеттік мекемелері туралы шағым түсті.

Қашықтықтан бақылау нәтижесінде арызда көрсетілген деректер расталып, аталған мекеме басшылығына ақпараттық ресурстағы құқықтық материалдардың өзектілігін қамтамасыз ету жөнінде нұсқама беріліп, ресми сайттағы ақпараттар жаңартылды.


Сонымен қатар арызда көрсетілген бұзушылықтар бойынша жауапты маман тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Аталған жағдай мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы бақылаудың тек бұзушылықтарды анықтаумен шектелмей, оларды нақты жоюға және азаматтардың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталғанын көрсетеді.

Департамент алдағы уақытта да қызмет алушылардың өтініштерін жан-жақты қарау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау және заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты жалғастырады.

Әрбір өтініш – назарда. Әрбір анықталған бұзушылық – нақты бақылауда.

Г. ТӨРЕҚАН,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бас маманы



ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3. «Абиев» ЖШС (БСН 210140032738) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Талаптан ауылдық округі, Бала би ауылы, Бала би көшесі, 46-үй.

4. «Триада 07» ЖШС (БСН 061140011488) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Отырар көшесі, 3-үй, 22-кеңсе.

5. «Trading center KZ» ЖШС (БСН 180340035276) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Көктал ауылдық округі, Көктал ауылы, Құрманғазы көшесі, 6-үй.

8. «Speed Dream» қосымша жауапкершілігі бар серіктестігі (БСН 210440031136) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Ілияс Жансүгіров көшесі, 36-үй, тел. +77019505620.

10. «Cargo Transportation» ЖШС (БСН 240540004079) (Астана қаласы, Алматы ауданы, Алексей Петров көшесі, 20-үй, 4-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар мен шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша қабылданады. Тел. 8 701 521 85 98.

11. «B-BAYEKE» ЖШС (БСН 240340012528) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қайнарбұлақ ауылдық округі, Қасымбек датқа ауылы, А.Зияев көшесі, 47Б ғимарат, пошта индексі 160807.

13. «TENGE GROUP» ЖШС (БСН 191140015090) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Тараз қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, 46-үй, 7-пәтер. Тел. +7 707 209 47 46, электрондық пошта: jan_kura@mail.ru.

14. «Сабыр3» АШӨК (БСН 260840002423) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылдық округі, Ойыл ауылы, Дауленов көшесі 9а мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 87713102199.

ӘРТҮРЛІ

12. «Альтаир» өндірістік кооперативі (БСН 970640001476) кооператив мүшелерінің 2026 жылғы 30 қыркүйектегі №63 Жалпы жиналыс хаттамасы негізінде «ПК - Альтаир» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. «ПК - Альтаир» ЖШС қайта ұйымдастырылатын «Альтаир» өндірістік кооперативінің барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша толық құқықтық мұрагері болып табылады. Кредиторлардың талап-арыздары осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша жазбаша түрде қабылданады: 040454, ҚР, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Көктөбе ауылдық округі, Төле би ауылы, «Картабулак» көшесі, 2Г ғимараты. Анықтама тел. +77027000770.

15. «Aksoft» ЖШС (БСН 221140020663) «Астана» халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген «Aksoft Ltd.» Жеке компаниясына (БСН 251040901731) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар мен талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: E-mail: info.kz@axoftglobal.com. Тел. 87086474356.

МҰРАГЕРЛІК

2. 18.12.2025 ж. қайтыс болған Джлангузов Беклан Бакдаулетовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус С.Т.Агибаевқа келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Панфилова, 53-44, тел. 8701-711-7695.

6. 19.04.2026 ж. қайтыс болған Жанабаев Бауыржан Серікұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

7. 07.03.2024 ж. қайтыс болған Мұратбеков Әбдіәкім Қожамұратұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

9. 16.04.2026 ж. қайтыс болған Қылышбаев Серікбай Асанұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтоқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.